

**Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын Жұмыс тобының қызметі туралы
№ 185 баспасөз-релизі**

2009 жылғы 3 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің «АқОрда» резиденциясында Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыратын Жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) кезекті (он үшінші) отырысы болып өтті.

Жұмыс тобының отырысында Жұмыс тобының мүшелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Қаржылық бақылау комитетінің төрағасы М.Т. Бейсембаев қатысты, ол «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның директорлар кеңесінің жанында Мониторинг, бақылау және талдау комитеттерінің қызметінің нәтижелері туралы мәлім етті.

Сондай-ақ отырыста агроөнеркәсіптік секторды қолдауға Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорынан бөлінген қаражатты игеру барысы туралы «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның өкілдерінің және жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорынан бөлінген қаражатты игеру барысы туралы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның өкілдерінің ақпараты тыңдалды.

«ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның ақпаратты талқылау нәтижелері бойынша, аталған холдингке белгіленген мерзімдерде Құқық қорғау органдарының және Жұмыс тобы мүшелерінің Үйлестіру кеңесінің қарауына астықты сатып алуды реттейтін құжаттарды ұсыну тапсырылды.

Бұдан өзге, Жұмыс тобының мүшелері делдалдардан бидайды сатып алуды болдырмау мақсатында «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның Директорлар Кеңесі барысында Мониторинг, бақылау және талдау комитетінің мәжілісінде «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның және «Сауда келісім-шарт корпорациясы» АҚ-ның ішкі құжаттарын қарау ұсынылды.

Отырыста «Қазақстан халық банкі» АҚ-ның және «Казкоммерцбанк» АҚ-ның басшылары банктерді капиталдандыруға және экономиканың нақты секторын қаржыландыруға бөлінген Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қаражатын жұмсаудың тиімділігі туралы ақпаратпен сөз сөйледі.

Отырыс нәтижелері бойынша бірқатар құрылыс объектілері және аффилиирленген заемшылар бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының қаражатын пайдалану бөлігінде тексерулер жүргізу қажеттілігі туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ және «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның Директорлар Кеңесі жанында Мониторинг, бақылау және талдау комитеттеріне Қазақстан Республикасы республикалық бюджетті орындауға бақылау жасау жөніндегі Есеп комитетін тарту арқылы «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-да және оның еншілес ұйымдарына, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ға бақылауды жүзеге асырудың ішкі рәсімдерінің мәселесі бойынша тексеру жүргізу ұсынылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ және «КазАгро» ҰХ» АҚ-ның арнаулы шоттарына аударылған Дағдарысқа қарсы Жоспардың іс-шараларын іске асыру мақсатында мынадай қаражатты игеру көзделді:

- банктерді капиталдандыруға – **332,1** млрд. теңге;
- жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешуге – **360** млрд. теңге;
- шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуге – банктерге **117** млрд. теңге, **3** млрд. теңге «Даму» КДҚ» АҚ-ға бөлінді;
- экономиканың нақты секторының жобаларын кредиттеуге – **144** млрд. теңге;
- инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға – **120** млрд. теңге;
- агроөндірістік кешенге қолдау көрсетуге – **120** млрд. теңге бөлінді.

02.12.09ж. жағдай бойынша алынған ақпаратқа сәйкес мынадай қаражат нақты игерілді¹:

1) қаржы секторын тұрақтандыру бойынша

212,1 млрд. теңге – Үкіметтің «БТА Банк» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 25 246 343 дана мөлшерінде сатып алуы

27 млрд. теңге – «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 259 064 909 данада және **33** млрд. теңге – артықшылық берілген акцияларды 196 232 499 дана мөлшерінде сатып алуы

36 млрд. теңге – «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның «Казкоммерцбанк» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 165 517 241 данада сатып алуы

2) жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу бойынша

– ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру **120** млрд. теңге мөлшерінде толық көлемде жүзеге асырылды. Бұдан әрі қайта қаржыландыру берілген кредиттерді өтеуден түскен босатылатын қаражат есебінен жүргізіледі

– Астана және Алматы қалаларында жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау

№№	Кредитордың атауы	Жасалған шарттардың сомасы, млн. теңге
1.	«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның жарғылық капиталын төлеу	15 000,0
2.	Құрылыс объектілері бойынша қалыптастырылған пул бойынша «Цеснабанк» АҚ-ға алдын ала/аванстық салым	156,5
3.	Құрылыс объектілері бойынша қалыптастырылған пул бойынша «Еуразиялық Банк» АҚ-ға банк салымы	196,8
4.	Құрылыс объектілері бойынша қалыптастырылған пул бойынша	173,09

¹ Босатылған не меншікті қаражат есебінен револьверлік заемдар мен қайта қаржыландыру есебінен игеру сомасы асып түсті.

	Алматы қ. «БТА Банк» АҚ-ның филиалы «Темірбанк» АҚ банк салымы	
5.	Құрылыс объектілері бойынша қалыптастырылған пул бойынша «АТФ Банк» АҚ-ға банк салымы	131
6.	Алматы қаласының «Ахселькент» ТК құрылысын аяқтау үшін «АльянсБанк» АҚ депозит	16 500,0 (оның ішінде 7 500,0 игерілді)
7.	Мемлекеттік Комиссия бекіткен Тізбеге сәйкес «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ арқылы құрылыс объектілерін қаржыландыру	29 054,0 (оның ішінде 24 300,0 игерілді)
	Құрылысты аяқтау бойынша жиынтық	61 211,4
	Барлық бағдарлама бойынша толық жиынтық	181 211,4

3) шағын және орта бизнесті қолдау бойынша

– аталған мақсаттарға екінші деңгейдегі банктерге бөлінген 117 млрд. теңгені игеру толық көлемде жүзеге асырылды. ШОБ субъектілерін әрі қарай қаржыландыру берілген кредиттер бойынша өтеуден түскен босатылатын қаражат есебінен жүзеге асырылатын болады.

– «Даму» КДҚ» АҚ арқылы «Даму-Қолдау» бағдарламасының аясында 3 млрд. теңге игерілді

№№	ЕДБ гарантының атауы	Жасалған шарттардың сомасы, млн. теңге
1.	«Қазақстан халық банкі» АҚ	189,9
2.	«Еуразиялық банк» АҚ	24,5
3.	«БанкЦентрКредит» АҚ	750
	Жиынтығы	964,4

4) экономиканың нақты секторын кредиттеу бойынша 144 млрд. теңге мөлшеріндегі қаражатты игеру толық көлемде жүзеге асырылды. Экономиканың нақты секторының субъектілерін әрі қарай қаржыландыру берілген кредиттер бойынша өтеуден түскен босатылатын қаражат есебінен жүзеге асырылатын болады.

5) инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша

Дағдарысқа қарсы бағдарламаның осы бағыты бойынша іс-шаралардың аясында 167 млрд.теңге мөлшерінде «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ға қосымша капиталдандыру жүргізілді, оның 115 млрд. теңгесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Қордың қаражаты құрайды. Банктің капиталдандыру нәтижесінде алған қаражаты инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға жіберіледі, атап айтқанда:

№№	Заемшының/объектінің атауы	Сомасы, млн. теңге
1.	«Қазақстан Даму Банкі» АҚ арқылы «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты	1 606,4
2.	Тараз қ. ферроқорытпалар зауыты	360,0
	Жиынтығы	1 966,4

«ҚазАгро» ҰХ» АҚ берген ақпаратқа сәйкес агроөнеркәсіптік секторды қолдауға бөлінген 120 млрд. теңгеден 02.12.09ж. жағдай бойынша көктем-егістік жұмыстарды жүргізу үшін ауыл шаруашылық-тауар өндірушілердің айналыстағы капиталын толықтыру мақсатында 68 777,2 млн. теңге игерілді. Сонымен қатар, 12 582,7 млн. теңге инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталды, 44 010 млн. теңге АӨК² субъектілерінен бидай сатып алуға бағытталды – (жиынтығында игеру толық бөлінген сомадан 100 % құрайды – яғни, 125,4 млрд. теңге, оның ішінде 117,6 млрд. теңге негізгі қаражат есебінен, ал 7,8 млрд. теңге айналымдағы қаражат есебінен).

2009 жылғы 2 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ және «ҚазАгро» ҰХ» АҚ арнайы (Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорының қаражаты есебінен дағдарысқа қарсы бағдарламаның мақсатында ашылған) шоттарында сәйкес **195,3 және 2,4** млрд. теңге қалуда.

Осылайша, экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыруға бөлінген ақшаны игеру пайызы 6 бағыт бойынша 2009 жылғы 2 желтоқсанда төмендегідей пайызды құрады:

1. қаржы секторын тұрақтандыру бойынша – 92,7%;
2. жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу бойынша, оның ішінде:
 - ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру бойынша – 100%;
 - жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау бойынша – 25,4%;
3. шағын және орта бизнесті қолдау бойынша, оның ішінде:
 - ЕДБ арқылы кредиттеу бойынша (117 млрд. теңге) – 100%;
 - «Даму-Қолдау» бағдарламасы бойынша (3 млрд. теңге) – 32,1%;
4. экономиканың нақты секторын кредиттеу бойынша – 100%;
5. агроөнеркәсіптік кешенді қолдау бойынша – 100% (117,6 млрд. теңге барысында 98%);
6. инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша – 1,64%.

²Қазақстан Республикасының экономикасын модернизациялау мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысының 2009 жылғы 06 мамырдағы № 17-5/И-333 хаттамасына сәйкес – тоннасына 24 640 теңге бағасы бойынша 1 млн. тоннаға дейін.

Қазақстан Республикасының экономикасын модернизациялау мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысының 2009 жылғы 20 тамыздағы № 17-5/И-526 хаттамасына сәйкес – тоннасына 18 500 теңге бағасы бойынша 3 млн. тоннаға дейін.